

**Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларын қайта ұйымдастыру және тарату туралы ЕРЕЖЕ**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі 1997 жылғы 3 қараша N 16-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 24 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 422. Күші жойылды - КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеттінің 7.09.2000 жылғы N 100-Ө бұйрығымен. ~V001265

Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларын

қайта ұйымдастыру және тарату туралы

**ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Бұл ереже "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Z970136\_ 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да заңдық актілеріне сәйкес өзірленді және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларын (бұдан әрі - Қорлар) қайта ұйымдастыру мен таратудың тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыру қорды біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару жолымен жүргізіледі.

3. Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорын тарату - ерікті және мәжбүрлеу негізінде қызметін тоқтату.

**2. Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыру**

4. Қорды қайта құру Ұлттық зейнетақы агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) рұқсатымен Қор акционерлерінің жалпы жиналышының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

5. Қорды қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат алуға өтініш беру үшін осы Қордың акционерлері жалпы жиналышының шешімі негіз болып табылады.

6. Қайта ұйымдастыруға рұқсат алу үшін мынадай құжаттар тапсырылады:

а) қайта ұйымдастыру туралы, оған акционерлердің жалпы жиналышымен уәкілеттік берілген адамның қолы қойылған өтініш;

- б) Қорды қайта ұйымдастыру туралы, оны қайта ұйымдастыру себебі көрсетілген Қор акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдаған шешім;
- в) акционерлердің жалпы жиналысымен бекітілген, Қорды қайта ұйымдастырудың болжалынатын шарттарын, нысанын, тәртібі мен мерзімін мазмұндайтын құжаттар;
- г) қайта ұйымдастыру нәтижелеріне, Қордың оны қайта ұйымдастырғаннан кейінгі және/немесе Қорды қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған занды тұлғаның есептік балансын қоса алғанда, қаржылық болжай.

7. Қорды қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат алу туралы өтініш құжаттардың толық пакетін тапсырған сәттен бастап бір ай ішінде қаралуы тиіс.

Агенттік, қажет болған жағдайда, қарастырылып отырған Қорды қайта ұйымдастыру шарттарын, нысанын, тәртібі мен мерзімін қайта қарау туралы ұсыныс енгізуге немесе басқа мәліметтер мен құжаттар сұратып алдыруға құқылы.

8. Қорды қайта ұйымдастыруға рұқсат беру туралы шешімді Агенттік қабылдайды.

9. Қайта ұйымдастырылатын Қор Агенттіктен қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат алған күннен бастап екі апта ішінде өзінің барлық салымшылары мен қордың алушыларын тікелей жазбаша хабарлау және кемінде екі респубикалық газетке хабарландырулар жариялау жолымен болатын өзгерістер туралы хабарландыруға міндетті.

10. Қайта ұйымдастырудың нәтижесінде құрылған занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) Қазақстан Республикасының тиісті қолданылып жүрген зандарына сәйкес жүргізіледі.

11. Агенттіктің Қорды қайта ұйымдастыруға рұқсат беруден бас тарту

мына негіздемелердің кез келгені бойынша жүргізіледі:

- а) қайта ұйымдастырылатын Қор акционерлері жалпы жиналысының тиісті шешімі болмаса;
- б) қарастырылып отырған қайта ұйымдастыру нәтижесінде салымшылар мен алушылардың мұдделерінің бұзылуы;
- в) қарастырылып отырған қайта ұйымдастыру нәтижесінде монополияға қарсы зандардың сақталмауы.

3. Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорын тарату

12. Қор мынадай жағдайларда таратылуы мүмкін:

- а) Агенттіктің рұқсаты болған кезде оның акционерлерінің шешімі бойынша (ерікті түрде тарату);

б) Қазақстан Республикасының заңдық актілерінде көзделген жағдайларда соптың шешімі бойынша (мәжбүрлеп тарату).

13. Тарату комиссиясын тағайындаған сөттен бастап оған заңды тұлғаның мүлкі мен істерін басқару жөніндегі үекілеттік беріледі, тарату комиссиясы сопта таратылатын заңды тұлғаның атынан сөйлейді.

14. Қорлардың қызметін тоқтату Қазақстан Республикасының заңдық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

### 3.1. Ерікті түрде тарату

15. Қор оның акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі негізінде өзін ерікті түрде таратуға рұқсат беру туралы өтінішпен Агенттікке өтініш айтуға құқылы.

16. Қорды ерікті түрде таратуға рұқсат алу үшін мынадай құжаттар тапсырылады:

- осыған акционерлердің жалпы жиналысында үекілеттік берілген адам қол қойған ерікті түрде тарату туралы өтініш;
- зейнетақы активтерінің тарату туралы шешім қабылданған күнгі бағалануы;

- зейнетақы активтерін беру мерзімдері мен кезеңдері және Қорды өз қызметін тоқтатуға әзірлеу туралы акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен тізбесі;

- таратылатын қордың зейнетақы активтерін қабылдап алатын қордың салымшылар мен алушылар ауқымын кеңейту жөніндегі мүмкіндіктердің болуына негізделген келісімі;

- Қордың оның міндеттері бойынша есептерінің аяқталғандығын куәланыратын соңғы есептік күнге баланстық есебі.

17. Агенттік ерікті түрде таратылуға рұқсат беру туралы өтінішті осы Ереженің 16-тармағында аталған құжаттардың міндетті пакетін тапсырган күннен бастап бір ай ішінде қарайды. Агенттік қажет болған жағдайда тарату процесінің мерзімі мен кезеңдері туралы шаралар тізбесін қайта қарауды, сондай-ақ зейнетақы активтерін тапсыруды ұсынуға немесе басқа мәліметтер мен материалдарды сұратуға құқылы.

18. Агенттік ерікті түрде таратуға рұқсат беруден бас тартқан жағдайда ол туралы дәлелді шешім шығарады және бас тартуды Қордың басшылығы мен акционерлеріне хабарлайды.

19. Ерікті түрде таратылуға Агенттіктің рұқсатын алғаннан кейін Қор 10

күннің ішінде мыналарға міндettі:

- тарату туралы шешім қабылданғандығы туралы ақпаратты таратылатын қордың мекен-жайын көрсете отырып, кемінде 2 республикалық газетте жариялауға, салымшылар мен алушыларды зейнетақы активтерін аудару жоспарланып отырған Қордың атауын көрсете отырып тапсырыстық хатпен хабарландыруға;

- Қорды басқару жөніндегі уәкілеттіктер берілетін тарату комиссиясын құруға. Тарату комиссиясының құрамына байқаушы ретінде Агенттіктің бір екілін енгізу керек;

- Қорды тарату комиссиясы құрылған күннен бастап Қорда жою процесі басталды деп саналады.

### 3.2. Мәжбүрлеп тарату

20. Қорды мәжбүрлеп тарату туралы соттың шешімі қабылданған күннен бастап:

- қолданылып жүрген зандарға сәйкес тарату комиссиясы тағайындалады;

- акционерлердің жалпы жиналысының, таратылатын Қордың басқа органдары мен лауазымды адамдарының, соның ішінде мүлікке иелік ету мен міндettемелерді өтеуге уәкілеттігі, сондай-ақ олардың Қорды басқару жөніндегі құқығы тоқтатылады;

- таратылатын қордың атынан немесе оның есебінен жүзеге асырылатын қызметтер, егер оларды тарату комиссиясының басшысы не ол берген сенімхат бойынша жасалған жағдайда ғана зандық күші болады;

- таратылатын Қордың барлық борыштық міндettемелерінің мерзімі өткен болып саналады;

- мүліктік және қаржылық сипаттағы Қорға қатысты барлық талаптар тек қана Қорды тарату комиссиясының атына беріледі және ол зандарда белгіленген тәртіпте қаралады.

### 4. Тарату комиссиясы

21. Қордың тарату комиссиясы құрылған сәттен бастап таратылатын қордың атынан қызмет етеді, оны лауазымды адам басқарады және өз қызметін қолданылып жүрген занға сәйкес уәкілеттік шегінде орындаиды.

22. Тарату комиссиясының лауазымды адамы тарату комиссиясы жұмысының дүрыс ұйымдастырылуына жауапкершілікте болады.

Тарату комиссиясының лауазымды адамы жоқ болған кезде оның міндettерін орынбасар атқарады.

23. Тарату комиссиясы таратылатын қордың зейнетақы активтерінің (жинақталған зейнетақы қаражатының) толық көлемде, оның салымшылар мен

алушылар алдындағы зейнетақы шарттары жөніндегі міндеттемелерінің осы ережемен белгіленген тәртіпте басқа мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорына берілуі жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

Қор жинақталған зейнетақы қаражатының шығындары бойынша жауап беруге құқылы емес.

Таратылатын қордың салымшылары мен алушылары тарату комиссиясы айқындаған мерзімде өздігінен басқа қорды таңдал алуға құқылы. Белгіленген мерзім өткен соң тарату комиссиясы жинақталған зейнетақы қаржыларын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аудару туралы шешімді дербес қабылдайды.

24. Бұл шаралар қабылданғаннан кейін тарату комиссиясы таратылатын Қордың кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің орындалуы жөнінде Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте шаралар қабылдайды.

25. Қордың тарату комиссиясы тарату балансы мен есебі бекітілгеннен кейін жеті күн мерзімде оларды Агенттікке және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне тапсыруға міндетті.

##### 5. Таратылатын Қордың активтеріне иелік ету

26. Тарату комиссиясы осы Ережеге және Ұлттық зейнетақы агенттігінің Қордағы бухгалтерлік есеп пен есептілікті реттейтін басқа да нормативтік актілерге сәйкес таратылатын Қордың уәкілетті қызметкерлерінің қатысуымен Қордың активтері мен мүлкіне мүліктік түгендеу жүргізуге, сондай-ақ мүліктік бағалау, тартылған сарапшының көмегімен болуы да мүмкін, жүргізуге міндетті.

27. Қордың активіне мыналар кіреді:

- зейнетақы активтері;
- Қордың жекеменшік мүлкі.

28. Қорда және Қордан тыс сақталатын барлық кепілдік қамсыздандырулар, оның жай-қүйі мен сақталуы түгенделуге жатады.

29. Активтерді түгендеу кезінде анықталған нақты қолда бар қаржы мен бухгалтерлік есеп мәліметтері арасындағы алшақтық Агенттіктің нормативтік-құқықтық акті құжаттармен көзделген тәртіпте реттеледі және аралық баланста ескерілуі тиіс.

30. Таратылатын Қордың түгендеу жолымен белгіленген барлық активтері мен мүлкі (зейнетақы активтерін қоспағанда) таратылатын топқа енгізілуге жатады. Оны тарату туралы шешім шығарылған күнгі Қор балансына енгізілмеген және түгендеу барысында айқындалған активтер аралық тарату балансында көрсетілуі тиіс.

31. Тарату комиссиясы таратылатын Қордың мүлкін сатуды төмендегі шарттар мен мақсаттарға сүйене отырып, заңмен белгіленген тәртіпке сәйкес

жүзеге асырады:

- Қордың мүлкін мүмкіндігіне қарай неғұрлым жоғары бағаға сату;
- Қордың мүлкін сатудан келетін шығысты барынша азайту;
- осы мүлікті сатып алушыларға қалыпты бәсекелестікті және әділ қарым-қатынасты қолдау.

32. Қордың мүлкін аукцион арқылы сатқан кезде тарату комиссиясы кешіктірмей, хабарландыру жарияланғаннан кейін 30 күннен кешікпей, хабарландыруда көрсетілген күні таратылатын Қор мүлкінің аукционнан сатылатындығы туралы кемінде екі газетте хабарландыру жариялауы тиіс.

33. Егер тарату комиссиясы мүлікті бәсекелестік ұсыныстары бойынша (яғни коммерциялық конкурспен) сатуға шешім қабылдаған болса, онда ол кешіктірмей кемінде екі республикалық газетте хабарландыру жариялауы тиіс.

34. Қордың мүлкін сатудан алынған қаражат жария түрдегі сауда-саттық сияқты, бәсекелестік ұсыныстар тәртібімен де тарату шотына есептеледі.

## 6. Таратылатын қорға талап қоюлар бойынша шешім қабылдау процедурасы

35. Таратылатын қордың зейнетақы активтерінің барлық көлемі басқа Қорға/ Қорларға толығымен берілгеннен кейін тарату комиссиясы кредиторлардың айқындалуына және олардың талаптарын қанағаттандыруға шаралар қабылдайды .

36. Талап-арызды қарау кезінде Қордың тарату комиссиясы қойылып отырған талаптың заңдылығын және оның негізділігін (айғақтамалардың болуы, өндірілетін сома есебінің дұрыстығы және т.б.) тексеруі керек.

Егер талап-арызға оны қарау үшін қажетті құжаттар қоса берілмеген болса, онда ол өтініш берушіден жолда болатын почталық жіберу уақытын есептей отырып 5 күннен кем болмауы тиіс болатындей тапсыру мерзімі көрсетіле отырып сұратылады. Талап етілген құжаттарды алмаған жағдайда қолда бар құжат бойынша қаралады.

Қордың тарату комиссиясы талап-арызды қарау кезінде қажет болған жағдайларда есептерді, сараптаманы және дауды талап қою тәртібімен реттеуді қамтамасыз ететін басқа да қызметтерді жүргізуі керек. Мұндай жағдайларда талап-арызды қарау мерзімі талап етілген құжаттарды алу үшін қажет болатын мерзімге ұзартылады.

37. Талап-арызды алған тарату комиссиясы өтініш иесінің негізгі талаптарын қанағаттандыруы тиіс және оған қойылған талап-арызды қарау нәтижелері туралы жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

38. Талап арыз беруге және берілген барлық талап-арыздарды қарауға арналған мерзім өткеннен кейін тарату комиссиясы активтер мен мүлікке

жүргізілген тұғендеуді ескере отырып, таратылатын Қор мүлкінің құрамы, берілген талап-арыздар тізбесі, сондай-ақ оларды қарау нәтижелері туралы мәліметтерден тұратын аралық тарату балансын жасайды.

39. Аралық балансты Ұлттық зейнетақы агенттігі бекітеді (карайды). Таратылатын Қордың міндеттемелері бойынша есептесулер аралық баланс бекітілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

## 7. Таратылатын Қордың кредиторларының талаптарын қанағаттандыру

40. Кредиторлардың тарату комиссиясы мойындаған талаптары, жинақталған зейнетақы қаражатының толық сомасын басқа Қорға аударғаннан кейін мынадай кезектілікпен қанағаттандырылуы тиіс:

- а) кезектен тыс тарату өндірісіне, әкімшілік функциясын атқаруға байланысты шығыстардың орны жабылады;
- б) бірінші кезекте - өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін таратылатын қор олардың алдында жауапты болып табылатын азаматтардың талаптары тиісті мерзімді төлемдерді капиталдандыру жолымен қанағаттандырылады;
- в) екінші кезекте - несие берушілердің таратылатын Қордың мүлкін аманатқа берумен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша талаптары қамтамасыз ету сомасының шегінде қанағаттандырылады;
- г) үшінші кезекте - еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен еңбекақы төлеу және шығардағы жәрдемақы төлеу бойынша есеп айырысу жүргізіледі;
- д) төртінші кезекте - бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер бойынша берешек өтеледі;
- ж) бесінші кезекте - заң актілеріне сәйкес басқа несие берушілермен есеп айырысулар жүргізіледі.

41. Таратылатын Қордың барлық талаптарды бір кезекте толық қанағаттандыру үшін мүлкі жетпеген жағдайда қолда бар қаражат тиісті кезектің несие берушілері арасында қанағаттандыруға жататын талаптардың сомасына пропорционалды бөлінеді.

Қордың тарату комиссиясы несие берушінің талаптарын қанағаттандырудан не оларды қараудан бас тартқан жағдайда несие беруші таратылатын қордың тарату балансы бекітілгенге дейін тарату комиссиясының атына сотқа шағымдануға құқылы. Соттың шешімі бойынша несие берушінің талаптары таратылатын Қордың қалған мүлкі есебінен қанағаттандырылуы мүмкін.

Тарату балансы бекітілгенге дейін берілмеген таратылатын Қор мүлкінің (

активтерінің) жетпестігіне қанағаттанбаған несие берушінің талап-өтініші, сондай-ақ занды тұлғаның талап-өтініші өтелген болып саналады.

Сондай-ақ Тарату комиссиясы мойындаған несие берушілердің талаптары, егер олар сотқа талап қоюмен шағымданбаған болса, және несие берушіге сот шешімімен қанағаттандырудан бас тартылған талаптар да өтелген болып саналады.

## 8. Есеп айырысу тәртібі және таратуды аяқтау

42. Таратылатын қордың несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкі, егер занда немесе таратылатын Қордың құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмеген болса, оның меншік иесіне немесе осы мүлікке заттық құқығы немесе таратылатын Қорға қатысты міндеттемелік құқығы бар қатысушысына беріледі.

43. Егер таратылатын Қордың кредит берушілердің талаптарын қанағаттандыру үшін ақша қаражаты жеткіліксіз болса, тарату комиссиясы Агенттіктің нормативтік актілерімен және қолданылып жүрген зандармен айқындалған тәртіппен Қордың мүлкін жария саудаластықта және/немесе бәсекелестік ұсыныстар негізінде сатуды жүзеге асырады.

44. Таратылатын қордың несие берушілеріне ақшалай сомаларды төлеуді тарату комиссиясы аралық тарату балансына сәйкес ол бекітілген күннен бастап осы Ережеде белгіленген кезектілік бойынша жүзеге асырады.

45. Тарату комиссиясы несие берушілермен есептесулер аяқталғаннан кейін Қорды тарату және тарату балансы туралы есеп беруді жасап, оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Ұлттық Зейнетақы агенттігіне бекітуге (қарауға) тапсырады. Ұлттық Зейнетақы агенттігі бекіткен (қараған) тарату балансы мен Қорды тарату туралы есеп екі республикалық газетте жариялануға жатады.

46. Әділет министрлігі немесе оның аумақтық органдары занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуге бұл туралы жазба түсіргеннен кейін Қорды тарату аяқталған болып, ал Қор өз қызметін тоқтатқан болып саналады.

## 9. Қорытынды ережелер

47. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы қолданылып жүрген зандарының нормаларына сәйкес шешілуге жатады.